ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

университет студенттерінің үні

№10 (474) 20 маусым 2019 жыл

# ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ОРТАҚ ОҚУ ОРДАМЫЗҒА ҚОШ КЕЛДІҢ, ТАЛАПКЕР!

## ҚЫМБАТТЫ МЕКТЕП БІТІРУШІ ДАРЫНДЫ ЖАСТАР!

СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ - АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ





**БІЗДІҢ ТҮЛЕК - БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!**

## АЛТАЙ КӨЛГІНОВ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алтай Көлгінов Нұр-Сұлтан қаласының әкімі болып тағайындалды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Ақордаға сілтеме жасап. Алтай Сейдірұлы Көлгінов 1978 жылы дүниеге келген. Ол Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясын, "Болашақ" бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның Абердин университетін бітірген. Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, халықаралық коммерциялық құқық магистрі. 2000 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде қызмет еткен. 2001-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі және Бас прокуратура органдарында әр түрлі лауазымда қызмет атқарады. Ал 2008-2010 жылдары - "АлашМедиаГрупп" ЖШС бас директорының орынбасары болған. 2010-2012 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінің аймақтық-ұйымдастыру және мемлекеттік бақылау жұмыстары бөлімінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарса, 2012-2013 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары және 2013-2016 жылдары Орал қаласының әкімі қызметінде болды. 2016-2019 жылдары Батыс Қазақстан облысының әкімі болды.

**Kaz.tengrinews.kz**

**ТАҒАЙЫНДАУЛАР**

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПРЕЗИДЕНТ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ



**Нұр-Сұлтанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті.**

«Құрметті Елбасы, отандастар, ең алдымен Қазақстан халқына маған білдірген сенімі мен қолдауы үшін алғыс айтқым келеді. Бұл сайлау демократиялық талаптарға сай өтті. Бүгін әлем жаһанданып жатыр. Бәрі өзгеріп, адамдардың сана сезімі өзгерді, әсіресе жастар өзгерді. Мен жаңа кезеңнің келгенін түсіндім. Қандай елдер дамып, қайсысы керісінше артта қалатынын анықтайтын кезеңге келдік. Біз әлемге ашықпыз, озық технологияларға ұмтыламыз. Халықты ең алдымен не мазалайды? Азаматтар барлық жерде әділдік болуын қалайды. Халыққа әділ етуін талап етеді, қарыз көлемінің азаюы, теңге девальвациясы, халықтың табысына кері әсер етті. Миллионнан астам азамат банктен несие алуға мәжбүр болды. Осының бәрі халықты мазалайтын сауалдар. Мұндай құбылыстар бүкіл әлемде бар. Сондықтан біз әлеуметтік экономикалық мәселені шешуге жұмыс істейтін боламыз», - деді жаңа сайланған Президент. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың зор еңбегін атап өтті. «Ақиқатын айту керек, бұл сайлауда азаматтарымыз Елбасының стратегиялық бағдарын қолдап, дауыс берді. Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл әлем мойындаған даму моделін жасады. Қазақстанның көк туын дүние жүзінің түкпір-түкпірінде желбіретті. Осы күндері менің атыма азаматтарымыздан көптеген өтініш-тілек келіп түсуде. Олардың бәрінде бір ғана тілек – Елбасымыздың жолын, стратегиясын сақтау және оны одан әрі нығайту. Шын мәнінде, халықтың дәл осындай өтініш-тілек айтуы заңды, орынды. Себебі қазіргі дамыған Қазақстан – бұл, ең алдымен, Елбасының арқасы. Елбасы қазақ мемлекетінің негізін қалаушы ұлы тұлға. Ол – жаһандық деңгейдегі мемлекет қайраткері. Әлем тарихына осылай жазылды. Елбасының халқымыз үшін және әлем қауымдастығы үшін сіңірген зор еңбегін құрметтеу – бәрімізге ортақ парыз», - дейді президент.

**ktk.kz**

## АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Асхат Аймағамбетов Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындалды, деп хабарлайды ҚазАқпарат Ақордаға сілтеме жасап. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жарлығымен Күләш Ноғатайқызы Шәмшидинова Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметінен босатылды.

Асхат Қанатұлы Аймағамбетов 1982 жылы 14 маусымда Қарағанды облысында дүниеге келді. 2003 жылы Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ тарих факультетін «тарихшы, тарих мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2006 жылы - Қарағанды «Болашақ» актуалды білім беру институтының заң факультетін «құқықтану» мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын 2002 жылы Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ден бастаған, 2004-2005 жылдары «Аңсар» жастар лигасы» ҚБ төрағасы болған, 2005-2006 жылдары «МЕДИА СП» ЖШС директоры, 2006-2012 жылдары - Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ саясаттану және әлеуметтану кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті ретінде қызмет атқарған. 2012-2014 жылдары Нұра ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 2014 жылғы ақпан айынан бастап 2017 жылғы тамызға дейін - Қарағанды облысы білім беру басқармасының басшысы лауазымында болды. 2017-2019 жылдары ҚР білім және ғылым вице-министрі. Соңғы тағайындалуға шейін 2019 жылдың қаңтарынан бастап Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

**inform.kz**

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

### АПТА АЙШЫҚТАРЫ

# «ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ» СЫРЛАСУ-СҰХБАТ КЕШІ ӨТТІ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәжіліс залында «Түркістан төрінде» сырласу-сұхбат кеші өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен кездесудің мақсаты – Қазақстанның және түркі әлемінің көрнекті ақын-жазушылары мен қоғам қайраткерлерін, спорт және өнер жұлдыздарын, кәсіпкерлерін, айтар ойы бар зиялы қауым өкілдерін шақырып, пікір алмасу. Бүгінгі алқалы жиында қоғамның дамуы, Түркістан өңірінің гүлденуі, оның даму бағыттары туралы ой қозғалып, салиқалы сұхбаттар жүргізілді.**

Кездесуді Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев ашып берді. Аталмыш кездесуге халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жазушы Мархабат Байғұт модераторлық етті.

«Түркістан төрінде» жобасының алғашқы қонақтары – мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары, көрнекті қаламгерлер – Төлен Әбдік және Нұрлан Оразалин. Сондай-ақ танымал жазушы, кинодрамматург Смағұл Елубай да Түркістан жұртшылығымен жүздесті.

Сонымен бірге терең мәнді жүздесулер өткізу арқылы жаңа облыстың рухани, мәдени, зияткерлік деңгейін көтеріп, бірлік пен ынтымақты, тұрақтылықты жан-жақты нығайтуға үлес қосу көзделген. Елімізге танымал тұлғалардың айтқан ойлары мен өнегелі ойлары арқылы жастарға, тұрғындарға ой салу, рухани-мәдени әлеуетін көтеру де басты назарда. Айта кететін жайт, бұл жоба әр ай сайын өтіп тұрады.

Алдағы уақытта кездесулерге Мұхтар Шаханов, Мұрат Әуезов, Әкім Тарази, Ұлықбек Есдәулет, Есенғали Раушанов, Мәмбет Қойгелдиев, Мырзатай Жолдасбеков, Олжас Сүлейменов, Берік Әбдіғалиұлы, Нұртөре Жүсіп, Амангелді Айталы, Асқар Жұмаділдаев, Асанәлі Әшімов, Досхан Жолжақсынов, Ордалы Қоңыратбаев, Жақсылық Үшкемпіров, Дархан Мыңбай, Жамбыл Артықбаев, Мырзагелді Кемел, Қанат Ислам тағы басқа айтары бар азаматтар шақырылады деп жоспарланған.



# УНИВЕРСИТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Мәдениет орталығында оқу орда белсенділерін марапаттау рәсімі өтті.**

2018-2019 оқу жылында университеттің іс-шараларына, қоғамдық жұмыстарына белсене атсалысқан қызметкерлер мен студенттер ректордың арнайы алғыс хатымен марапатталды. Бойдағы қабілеті мен білімін ұштастырып, даралана білген студенттерді, Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі, вице-президент Әмірекұл Абуов пен вице-президент Пусат Пилтен университет басшылығының атынан алғыс білдіріп, алдағы оқу жылында да осылай белсенді болуға шақырды. Облысымыздың және еліміздің саяси-қоғамдық және мәдени өміріне белсене араласып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген 300-ден астам студент жас марапатталды. Және де «Түркістан-түркі әлемінің бесігі» атты этно-өнер фестивалінде ерекше көзге түсіп, үлкен ыждағаттылықпен барлық шараларына атсалысқан өнерпаздарымыз бен оқу озаттарымыз да алғыстан құр қалмады. Сонымен қатар студенттік клубтардың жетекшілері де дараланып үлкен құрметке бөленді. Белсенді студенттерге жол сілтеп, бағыт-бағдар беріп жүрген бірқатар декан орынбасарлары мен оқытушылар да басшылықтан алғыс алды.

Шара университет өнерпаздары дайындаған мерекелік концертке ұласты. Талантты білімгерлер әннен шашу шашып, әзілге толы қойылымдар қойды.

# 2021 ЖЫЛЫ УНИВЕРСИАДА ОҚУ ОРДАМЫЗДА ӨТЕДІ

**«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Саят Жандарбек жақында Ақтөбе қаласында өткен X жазғы универсиадада тоғызқұмалақтан бақ сынап, 5-ші орыннан көрінді. Келесі универсиада 2021 жылы университетімізде өтетін болды.**

Саят 2019 жылдың сәуірдің 24 жұлдызы мен мамырдың 4 жұлдызы аралығында Түркия мемлекетінің Анкара қаласында тоғызқұмалақтан өткен Y әлем чемпионатында тоғызқұмалақтың классика түрінен жүлделі 2-ші орын иеленіп, жеңіспен оралған еді.

Алдағы өтетін универсиадаға дейін әлі екі жыл бар. Тоғызқұмалақтан сутденттеріміз жүлделі орындардан көрінеді деп сенеміз.




# ТҮЛЕКТЕР БАС ҚОСТЫ

Оқу ордамызда университет қабырғасынан түлеп ұшқанына 20 жыл толған түлектер бас қосты. Олар 1999 жылы білімдерін аяқтап үлкен өмірге қадам басқандар еді. Ал сол кездегі түлектер бүгінгі таңда мамандықтарымен қатар бір-бір шаңырақ иесі. Осындай айтулы қуанышта оқу орда басшылығы мен дәріс берген аяулы ұстаздар шәкірттерін қуана қарсы алып ыстық лебіздерін жаудырды. Естеліктерін айтып, қызықты сәттерін еске түсірді. Жиынға елуге жуық түлектер еліміздің алыс-жақын өңірлерінен арнайы келді. Мәдениет орталығында түлектерге концерттік бағдарлама ұсынылып, кофе-брейк берілді. «Бір әріп үйреткенге қырық жыл тағзым ет» дегенді ұстанған білімді шәкірттер кездесуден үлкен әсер алғандарын айтуда. Оқуларын бітіргелі көрмеген қаншама группаластар бір-бірін көріп мәз-мейрам.

Университеттің бүгінгі тынысына таңғаларлықпен қараған шәкірттер өздері оқыған корпустарын аралап, керемет естеліктерді еске түсірді. Кітапхана, Мәдениет орталығын тамашалап үлкен өзгерістер болғандығын жасырмады.

Кеше ғана диплом алған түлектердің бірі мұғалім, бірі жоғары санаттағы дәрігер, енді бірі жеке кәсіпкер. Мамандығының қыр-сырын жетік меңгеріп, өмірге пайымы кең ұстаз атағын абыроймен атқарып жүрген болса ол – ұстаздың еңбегінің еш кетпегендігі. Тек ғана білім беріп қана қоймай жан-жақты өмірге бейім тұлға етіп тәрбиелеуде ұстаздар бар күш жігерін салғандықтары шәкірттерінің бой түзегендігінен көрінуде. Университет басшылығына ерекше ризашылықтарын білдірген түлектер керемет кештің куәсі болып тарқасты.

**Ақпарат орталығы**



# ҰЛПАН

Күн ыстық. Аялдамада 20 минуттай тұрдым. Көп күттірген 30-шы автобус та келіп, әйтеуір ішіне кіріп жайғастым-ау. Қасымда 18-дер шамасындағы қыз отыр.

-Апай, менде майда бар шығар, көрейін -деп әмиянындағы ақшасын санай бастады. Енді байқадым бес мың ұсынған жолаушыға кондуктор майда жоқтығын айтқан соң, қасындағы адамдардан ұсақтап беруін өтінген әйелге айтқан екен. Өкінішке орай ұсақ ақшасы 5000-ға аз жетпей қалды. Жолаушы апай:- Осы ақшаны майдалата алмай-ақ қойдым - деді. Апаның дәрменсіз түрін көрген қыз: - Жол ақыңызды мен төлей салайын, апа мінекейіңіз - деп 50 теңге ұсынды. Бұлай боларын апай да күтпеді ме, рахмет айтудың орнына аңтарылып қарап, қолын созып тұрған қыздың теңгесін алып, ауызын жыбырлатты. Алғысын білдіргені болар. Менің көңілім қасымдағы қыздың қылығына еріксіз ауып, сөзге тарттым.

- Университетте оқисың ба?
- Ия, Филология факультетінде.
- Қай курсты бітірдің?
- Ағылшын тілі мамандығының 1-курсын.
- Жолдың астында тұрасың ба?
-Жоқ, Оралманда тұрамын. Талғат клиникасына медициналық тексеруден өтуге бара жатыр едім.

Менің таңдана қарағанымды түсінігендей: - Мен Алакөлге жұмыс істеуге барамын. Сол үшін дәрігерлік анықтама керек екен. Әпкем қасында бір бос жұмыс орны бар екен, шақырып жатыр.

- Жазғы каникулда табыс табайын деген екенсің. Грантта оқисың ба?

- Ақылы жүйеде оқимын. Сондықтан ата-анама салмақ салуым ұят қой. Жұмыс пен оқуды қатар алып жүрмін. Оқуға түскелі қосымша даяшы болып мейрамханаларда жұмыс жасап жүрдім. Қазір фотограф болып тойларда суретке түсіремін - деген қыздың даусы жарқын шықты.

- Таныса отырайық, атың кім ?
- Ұлпан Шорманқызы.

Атына заты сай Ұлпанның ашық жарқын мінезі мен жылы жүзіне қарап - Ұлпан апандай елді ойлаған, ақылды қыз екенсің - дедім. Ұлпан өз аялдамасынан түсіп қалды. Осындай ақкөңіл, ата-анасына көмектесіп қана қоймай,айналасына жылу сыйлағысы келіп тұратын Ұлпандай қызды көріп, көңілім көтеріліп қалды.

**Эльмира ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ**

# Студенттер беті

# АУДИТОРИЯ



## 2019 ЖЫЛҒЫ ҰБТ ЖАЙЫНДА НЕНІ БІЛУ КЕРЕК



Жоғары оқу орнына құжат тапсырған кезде мамандық емес білім беру топтарын таңдау керектігі бұған дейін хабарланған. Жалпы, 97 топ бар. Оған бір немесе бірнеше бағдарлама кіреді. Топтар тізімі мен оларға сәйкес пәндер тізімін Ұлттық тестілеу орталығы сайтынан немесе төмендегі видеодан көруге болады.

**ҰБТ КЕЗЕҢДЕРІ** Бірінші қадам: 20 маусым мен 5 шілде аралығында алдын-ала өтінім беріп, тест тапсыру керек. Биыл ҰБТ мен КТ біріктірілді. Тест тапсыру орындары тізімі Ұлттық тестілеу орталығының сайтында бар. Мектеп бұрынғыдай түлектерді тест тапсыру орнына апарып-алып келуге жауапты емес. Екінші кезең: 13-20 шілде аралығында білім беру грантына байқау өтеді. Оған ҰБТ-дан өтіп, жеткілікті балл алған жағдайда ғана қатыса аласыздар. Үшінші қадам: білім беру топтарын таңдайсыздар. Бірінші жағдайда: мысалы маусым айындағы ҰБТ кезінде сіз «Биология» + «Химия» бойынша сынақ тапсырсаңыз, бұл пәндерге тиесілі 16 топтың ішінен (тізімі ҰТО сайтындағы видеода көрсетілген) әр түрлі ЖОО-дан төрт білім беру тобын таңдай аласыз. Әрине, топ ҰБТ-да таңдаған пәніңізге сай келуі керек. Сізде мынадай таңдау болуы мүмкін: 1. «Химия пәні мұғалімі». 2. «Биология мен аралас ғылымдар». 3. «Ветеринария». 4. «Жалпы медицина». Сіз осы көрсетілген төртеуін ғана емес, он алты топтың ішінен басқа білім беру топтарын да таңдай аласыз. Екінші жағдайда: шығармашылық мамандыққа тапсыратын талапкерлер грант байқауына қатысу кезінде тек бір ғана білім беру тобын таңдай алады. Мысалы, «Аудиовизуал құралдар мен медиаөндіріс» таңдағанда екі шығармашылық сынақ тапсырасыздар. Білім беру топтарынан төмендегі мамандықтарды таңдай аласыздар: 1. «Операторлық шеберлік». 2. «Баспа ісі». 3. «Полиграфия». Төртінші қадам: оқуға қабылдау. Грант білім беру топтарына бөлінеді. Ал білім беру бағдарламасын (бұрын бұл «мамандық» деп аталған) жоғары оқу орнына барған соң таңдайсыз. Мысалы, «Химия пәнінің мұғалімі» бойынша грантқа ие болсаңыз жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларын қарайсыз. Айталық, ЖОО-да «Химия» немесе «Химия-Биология» деген білім беру бағдарламалары болса - біреуін таңдайсыз. Оқуға қабылдау кезеңі 10-25 тамыз аралығында, он күнге созылады. Оқуға түскені жайлы бұйрық нақты білім беру бағдарламасына қарай шығады. Кейін оқу бітірген сол бойынша диплом беріледі.

**АҚЫЛЫ ОҚУҒА ТҮСУ** Жоғары оқу орнына ақылы түрде түспек болған талапкерлер үшін ҰБТ-ны бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі бар. 2019 жылдан бастап тест қаңтар, наурыз, маусым және тамыз айларында өтеді. Әр кезде әр түрлі пән таңдап тест тапсыруға болады. ҰБТ-2019 сертификаты жылдың соңына дейін жарамды. Осылайша, жоғары оқу орнының ақылы бөліміне құжат тапсырған кезде қалаған пәні бойы шекті балл жинағанын растайтын сертификат ұсынасыз. ГРАНТТАР САНЫ 2019-2020 оқу жылына мемлекет 66 556 грант бөліп отыр. Оның 51 085-і бакалавриатқа, 13 159-і магистратура, 2 312-і докторантураға (PhD).

***Министрліктің мәліметіне сүйенсек, жалпы, ҰБТ-ны тапсыру форматы бұрынғыдай қалады. Дегенмен, оны өткізу процесін жетілдіру, тестілеуге қатысушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында бірқатар жаңашылдықтар енгізілген. «2019 жылдан бастап ҰБТ жоғары оқу орнына ақылы негізде түсу үшін жылына 4 рет (қаңтар, наурыз, маусым, тамыз) өткізіледі. Әр тапсырған сайын талапкерге түрлі бейіндік пәндер комбинациясын таңдау мүмкіндігі беріледі. Ал грант конкурсына қатысу үшін оқуға түсуші маусым айында өтетін ҰБТ-ны тапсыруы қажет», - делінген министрліктің ақпаратында. Биыл мектеп бітіретін 96 380 түлек маусым айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш берген. Бұл жалпы мектеп бітірушілердің 71,6%-ін құрайды. «Шет тілін меңгергендігін растайтын TOEFL, IELTS халықаралық сертификаттарының шекті балы бар талапкерлер «Шет тілі» (ағылшын тілі) пәні бойынша тестілеуден босатылады», - дейді министрліктегілер. Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы ақылы оқуға түскісі келетіндерге қатысты болып отыр. Бұған дейін жоғары білім алуға ниеттілердің бәрі ҰБТ тапсыруға міндетті болса, биылдан бастап ақылы негіздегі бірнеше санатқа бұл міндеттілік жүрмейді. Атап айтсақ, қысқартылған оқу мерзімімен ақылы оқуға ниеттілер кәсіптік-техникалық немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлегі болса, ҰБТ тапсырудан босатылады.***

**inform.kz**

## ҚҰШАҚ ЖАЯ ҚАРСЫ АЛҒАН ОҚУ ОРДАМ!

Мен 2015 жылы білім іздеп Қазақстанға келдім. Қазіргі таңда Ахмет Ясауи атындағы Халықаралақ қазақ-түрік университетінде білім алудамын. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен ашылған университет, көп ұзамай "Халықаралық" дәрежедегі жоғары оқу орнына айналды. Жалпы мемлекеттің тәжірибесі арқасында, Қазақстанда университеттер және жалпы білім беру орындарына ерекше мән беріліп, ешқашан ұмытпаған және қадағалаусыз қалдырмағандығын көрсетеді. Осы жерге келгелі тағы бір көңілімнен шыққаны - гендерлік теңдестік. Қазақстандық әйелдер басқару және саясатта маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, Қазақстанның ЖОО студенттерінің көпшілігі қыздар болып табылады.



Қазақстанда, үкімет халық үшін, халқына қызмет көрсету үшін жұмыс атқарады. Және де Қазақстан, халқына негізгі азаматтық құқықтарын үйретеді. Қазақстанда білім алып жатқаныма көп уақыт толмаса да, елдің қоғамдық әл-ауқаты айтарлықтай өсті деп айта аламын. Білім беру саласын одан әрі дамытып, тәжірибе алмасу үшін, шет елдердің ресурстарын, инвестицияларын пайдалана отырып, Түркия және басқа елдерден ғалымдар шақырылады. Қазақстанда көпжақты инвестициялар оқу орындарға үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі. Соның дәлелі - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Бұл оқу ордасында мен секілді студенттер халықаралық стандарттарға сәйкес бакалавр, магистратура мен PhD курстарында білім алуда. Менің университетім білім беру және әлеуметтік қызмет көрсетуде бәсекеге қабілетті, үздіктердің қатарында. Оқытушы-профессорлар құрамы да сапалы. Мұнда мұғалімдерді жалдау процесінде адамның біліміне, тәжірибесіне, ынтасына назар аударады. Басқа тиіссіз критерийлер, мысалға, ұлт, дін, діл секілді факторлар түбімен жоқ. Тіл жағынан да қандай да бір түсініспеушілік болған емес. Керісінше, әр сабақ сайын жаңа ақпаратты игеруге тырысып, сөздік қорларымызды дамытудамыз. Осы тұрғыда біздің студенттер бақытты деп ойлаймын. Өйткені өзіміз қалаған мамандық бойынша кем дегенде 3 тілді меңгерген маман болып шығамыз. Ал бүгінде тілдік саясат алдыңғы қатарда. Білім беру процесінің тағы бір маңызды бөлігі - емтихан. Осы жерде ұнағаны - студенттер өздерінің нәтижелерін бірден немесе бірнеше сағат ішінде біледі. Сондай-ақ, біздің сұрауларымыз бен өтініштерімізді үнемі жауапсыз қалдырмайды. Әртүрлі мәселелерді диалог арқылы шешіп, кез келген сұрақтың міндетті түрде жауабын аламыз.

Сонымен қатар, Қазақстанда мемлекеттің жастарға деген стратегиялық көзқарасы маңызды: үкімет, ертеңгі көшбасшы ретінде студенттерді қарастырып, осы елдің мәселелеріне іргелі шешім табады деп үміт артады. Елдің Президенті өзінің әр жолдауында міндетті түрде жастарға сенетінін атап өтеді, қолдайды. 2019 жыл - "Жастар жылы" болып белгіленді. Бұл да студенттер үшін үлкен мүмкіндіктерді ашатын сәт деп ойлаймын. Соңында айтарым, Қазақстан Республикасының университеттері білім мен бейбітшілікті насихаттаудағы толеранттылық орталығы болып табылады. Олар адам құқықтарын білу, оларды құрметтеу; заңға қайшы әрекет етпеу; адамдарды нәсіліне, дініне, ұлтына қарай бөлмеу; т.с.с. моральдік қағидаларды негізге алады. Сондықтан, мен Жавид Рашид, Ауғанстан Республикасының азаматы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 3 курс студенті болып, Қазақстандағы беделді де сапалы білім беретін оқу орнында оқып жатқаныма өте қуаныштымын. Осы жерде жинақтаған барлық тәжірибемді болашақта тек игі істерде қолданатыныма кәміл сенемін! Бұл мен үшін үлкен бақыт!

**Рашид ЖАВИД**
**3-ші курс студенті**





# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ-

## ФАКУЛЬТЕТТЕР ЖӘНЕ КАФЕДРАЛАР

Бүгінгі таңда университеттің 11 факультетінде: бакалавриатта – 54, магистратурада – 30, резидентурада – 5, докторантурада – 11, интернатурада — 6 мамандық бойынша әлемнің 15 елінен келген 9 мыңнан астам студент, магистрант, резидент, интерн және докторанттар білім алуда. Оқу дәрістерін 73 ғылым докторлары мен профессорлары, 62 философия докторлары (PhD), 262 ғылым кандидаттары мен доценттері, 122 ғылым магистрлері жүргізуде. Оның ішінде Түркия Республикасынан келген профессорлар саны – 35. Білім беру үдерісінде қазіргі заманға сай компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларға негізделген ең озық оқу әдістері пайдаланылуда. Танымал ғалымдар спутниктік байланыстың көмегімен бейнеконференция жүйесі арқылы он-лайн режимінде сабақ өткізеді. Оқу орны заманауи құрал-жабдықтар орналасқан мамандандырылған зертханаларға, оқу кабинеттеріне; оқу үдерісін жеделдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін макеттерге ие.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

## МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ

Медицина факультеті 1991 жылы құрамында екі кафедра болып Кентау қаласында ашылған. Осы жылдары факультетке 60 студент қабылданған. 2006 жылға дейін факультет Кентау қаласында орналасып, университеттің клиникасы бітуіне байланысты, медицина факультеті Түркістан қаласына ауыстырылды. Қазіргі таңда факультетте «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 1920 студент дәріс алып, 182 ОПҚ, оның ішінде 13 ғылым докторалары мен профессорлар, 38 ғылым кандидаттары және 4 PhD докторлар дәріс беруде. Факультет студенттері үшін университетіміздің 110 орындық клиника–диагностикалық орталығында, Түркістан қалалық ауруханасында, Кентау қалалық ауруханасында, Түркістан перзентханасында, «Талғат» клиникасында, «Санитас» ауруханасында, Дерматология диспансерінде практикалық дәрістер өткізіледі.

Елімізде және түрік дүниесінің барлық елдерінен келген студенттер медициналық білім беріп жатқан осы университет түлектерінің дипломдары шет елдерде қызмет етуге мүмкіндік береді.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

1991 жылы негізі қаланған факультеттердің бірі. Факультетте Түркия мемлекеті және жақын шетелдерден келген 10-нан астам шетелдік мамандар жұмыс істейді. Факультетте «Туризм және журналистика», «Халықаралық қатынастар», «Құқықтану» және «Қоғамдық ғылымдар» кафедралары жұмыс істейді. Факультеттің оқытушы-профессорлары жаңа заман талабына сай мамандар даярлап, халықаралық деңгейдегі білім беру үшін педагогикалық инновациялық технологияларды қолданып, аянбай еңбек етуде. Әлеуметтік ғылымдар факультетінде 113 профессор- оқытушылар құрамы қызмет атқарады. Оның ішінде 3 ғылым докторлары, профессор, 13 PhD доктор, 38 ғылым кандидаты, 12 аға оқытушы, 47 магистр оқытушылар және оқытушылар қызмет көрсетеді. Факультетте Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Кипр, Татарстан т.б. факультеттен келген студенттер оқиды. Студенттердің сапалы білім алуына жан-жақты жағдайлар жасалынған. Интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен жасақталған аудиториялары, өз алдына жатақханасы, дәмді тағамдар ұсынатын асханасы, жылы әріп пайдалануға қолайлы кітапханасы, түрлі шаралар мен сайыстар жүргізетін спорт және мәжіліс залдары орын тепкен.

## ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Өнер факультеті 2001 жылы негізі қаланған университеттің спорт және өнер арқылы беделін арттыруға үлес қосып жатқан факультеттің бірі.

Қазіргі таңда факультет құрамында 4 кафедра, 11 мамандық бойынша мамандар дайындап, қазіргі таңдағы заманауи талаптарға сай, қызмет атқарады.

Қалыптасқан алғашқы жылдардан-ақ «Өнер» факультеті профессор-оқытушылар құрамы деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленіп келеді. Факультетте ҚР халық әртісі Қажыбек Бекбосын, ҚР халық әртісі Рахима Жұбатырова, ҚР спорт қайраткерлері мен 92 оқытушы-профессорлар құрамы қызмет етуде.

Өнер факультетінің түлектері республикамыздың түпкір-түпкірінде әртүрлі қызмет ету салаларында қызмет атқаруда. Атап айтқанда: еркін күрестен Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері Ақжүрек Таңатаров, Рио Олимпиадасының қатысушысы Дидар Хамза, Қазақ фильм киностудиясының актері Ержан Нұрымбет, әнші сазгерлер Алтынай Жорабаева, Нұржан Қалжан, «Алдараспан» театрының директоры Нұржан Төлендиев, және көптеген мамандар түлеп ұшқан. Бүгінгі таңда Өнер факультеті — Қазақстан Республикасының спорттық және мәдени ағарту саласына қажетті жоғары дәрежелі мамандар даялайтын ірі ғылыми-білім орталығы болып саналады.

## ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 06.10.1997 жылғы №1/447 бұйрығымен ашылды. Құрылған кезінен бастап Қазақстандық және Түркиялық болып Түркі дүниесінен келетін білім алушылар түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілін курс жүйесіне қарай үйренуде. Білім алушылар, Дайындық факультетінде күз және көктем жарты жыл, 2 семестр бойынша тек қана тіл үйренеді. Дайындық факультетінде оқитын білім алушылар, топтарға бөлініп, әр топта 2 тілде білім алады. Білім алушылар, тіл үйренгеннен кейін факультеттерді таңдай отырып, өз мамандықтарын 4 тілде жалғастыра алады.

Дайындық факультетінің білім алушылары, оқу жылында 3 түрлі топқа бөлінеді. Бірінші топ Түркия квотасындағы білім алушылар (ТК): бұл білім алушылар Қазақстан азаматтары, Түркия Республикасының шәкіртақысына ие. Екінші топ Түркі дүниесінен келген тыңдаушылар (TD): бұл тыңдаушылар, әр түрлі мемлекеттерден және Түркі Мемлекеттерінен келеді және Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие. Түркі дүниесі үшін 200 грант бөлінеді. Үшінші топ Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар; бұл тыңдаушылар Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие.

## ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қожа Ахмет Ясауи университетінің білім ошақтарының бірі — Филология факультеті. Факультет тіл мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыра отырып, оқу жоспарларының және пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларының әзірленуі мен тәжірибеде қолданылуын қадағалайды. Сонымен қатар маман дайындау сапасының құзіретін қалыптастырады. Факультеттің құрамына енетін кафедралардың оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік бағытын үйлестіреді. Құрылымның Даму стратегиясын әзірлеп, жұмыс берушілермен байланыстар орнатады. Мамандар дайындау бағыттары бойынша білім беру қызметінің нарығын зерделейді. Факультеттің негізгі мақсаты — барлық түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардан келген жастарды достық пен бауырмашылдыққа баулумен қатар қазақ, түрік, орыс, ағылшын, қытай тілдерін терең меңгеруіне жағдай жасап, болашақ мамандарын әзірлеуде сапалы қызмет ету болып табылады.

Филология факультетінде 5 кафедра бар: Қазақ филологиясы кафедрасы, Түрік филологиясы кафедрасы, Ағылшын филологиясы кафедрасы, Жалпыакадемиялық ағылшын тілі кафедрасы, Әлем тілдері кафедрасы. Соның ішінде Жалпыакадемиялық ағылшын тілі кафедрасынан өзге 4 кафедра мамандық даярлайды.

# МАҢЫЗДЫ ІС

## МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

Жоғары мектеп Болон декларациясына сәйкес, мектеп әлемнің жетекші университеттерінің білім беру саясатының негізгі принциптерін ескере отырып, жобаларды басқару принциптеріне негізделген. Бұл мектепті құру Қазақстандағы жаңа аумақтық бірліктің – Түркістан аймағын қалыптастыруға байланысты жаңа қалыптасқан жоғары білікті кадрларға деген қажеттілікке байланысты болды.

Облыстың табысты дамуы көп жағдайда мемлекеттік қызметтің адам капиталы мен экономиканың нақты секторы, сондай-ақ әлеуметтік сала сапасымен анықталады. Қазіргі уақытта жетекші компаниялармен, облыстың кәсіпорындарымен және халықаралық ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл жасалуда.

Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі алдыңғы қатарлы әлемдік университеттердің мамандандырылған жоғары мектептер негізінде құрылған Қазақстандағы алғашқы жоғары мектептердің бірі болып табылады.

Жоғары мектеп қазіргі заман талабына сай мемлекеттік қызметкерлерді, бизнес-менеджерлерді және экономистермен бухгалтерлер мен аудиторларды дайындайтын бес мамандықты:

- 5В050600 – Экономика
- 5В050700 – Менеджмент
- 5В050800 – Есеп және аудит
- 5В050900 – Қаржы
- 5В051000 – Мемлекеттік жергілікті басқару

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

Гуманитарлық ғылымдар факультеті кәсіби дамуды жетілдіру, қолданбалы білім беру, гуманистік бағытта тәрбиелеу негізінде жоғары білімді, адамгершілігі мол, рухы биік, Отанын сүйетін, инновациялық құрылымға бейім тұлға дайындауды негізгі міндеті деп біледі.Факультетте 15 мамандық бойынша 419 білімгер бар. Оның ішінде Түркия, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Ауғанстан елдерінен келген шетелдік білімгерлер бар. Студенттерге білікті оқытушы-профессорлар дәріс жүргізеді. Оның ішінде: 7 ғылым докторы, 33 ғылым кандидаты, 15 PhD докторы, 14 аға оқытушы, 13 оқытушы бар. Маман дайындаумен Білім технологиялары, Педагогикалық ғылымдар, Тарих, Дінтану кафедралары айналысады. Студенттер үшін арнайы жасақталған интерактивті дәрісханалар, соңғы үлгіде жабдықталған кітапхана, интернет сыныптары, спорт кешені, студенттік асхана, жатақханалар бар.

## ИНЖЕНЕРИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультетте 9 мамандық бойынша мамандар даярланады. 385 білімгер білім алуда. 57 ден аса шетелдік студенттер білім алуда. Бітірген түлектердің 80 пайыздан астамы жұмыспен қамтылған. Факультетте 45 тен астам ПОҚ құрамы дәріс өтеді.

Факультетте мамандық шығарушы 3 кафедра бар.

Атап айтар болсақ: 1.Компьютерлік ғылымдар-1.5В011100-Информатика. 2.5В060200-Информатика 3. 6М060200-Информатика

2. Компьютерлік инженерия -1.В070300-Ақпараттық жүйелер. 2.5В070400-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету. 3.6М070300-Ақпараттық жүйелер мамандығы

3.Электр инженериясы – 1. 5В071800-Электр энергетикасы. 2.5В070200-Автоматтандыру және басқару 3.6М071800-Электр энергетикасы

Факультет студенттері көптеген Халықаралық және Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып жоғары нәтижелі орындарды иеленген.

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Жаратылыстану факультетінде 20 мамандық бойынша 798 білімгерлер бар. Маман дайындаумен факультеттің 4 (Математика, Физика, Биология, Экология және химия) кафедрасының оқытушы-профессорлары айналысады. Студенттер үшін мамандық ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған интерактивті дәрісханалар, электронды кітапхана, оқу залы, спорт кешені, компьютер кабинеттері жұмыс істейді. Факультетте оқытушы-профессорлар жаңа заман талабына сай мамандар даярлап, халықаралық деңгейдегі білім беру үшін педагогикалық иновациялық технологияларды қолданып, аянбай еңбек етуде.

## ЖОҒАРҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 15.08.2018ж. өткен Сенатының шешіміне сәйкес жүргізілген құрлымдық өзгерістер нәтижесінде бұрынғы «Дипломнан кейінгі білім беру» факультетінің негізінде құралды. Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінде 11 мамандық бойынша 1070 білімгерлер бар. Факультетте 5В130100 «Жалпы медицина» мамандығының бакалавриаты, 5В130100 «Жалпы медицина» интернатурасының «Терапия», «Педиатрия», «Жалпы дәрігерлік практика», «Хирургия», «Акушерия және гинекология» мамандықтары бойынша, 5В130200-«Стоматология» интернатурасы бойынша және резидентураның 6R111500 — «Невропатология,соның ішінде балалар невропатологиясы», 6R114200-«Педиатрия», 6R114400-«Акушерия және гинекология, соның ішінде балалар гинекологиясы», 6R110100-«Терапия», 6R112700–Жалпы хирургия мамандықтары бойынша білім беріледі. Факультет жоғары медициналық білімнен кейін білім беру бағдарламалары бойынша, заманауи сұраныстарға жауап бере алатын жоғары білікті медицина саласының мамандарды даярлайды. Факультет кафедраладың оқу-әдістемелік, клиникалық, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларының әзірленуін және тәжірибеде қолдануын қадағалайды.

## СТОМАТОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

2013 жылы қыркүйек айының 1-ші жұлдызында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенаты шешімі негізінде медицина факультетінің құрамында «Стоматология» кафедрасы ашылды. 12.11.2016 жылғы Өкілетті Кеңестің 53-ші мәжілісінде Университет Сенатының 29.08.2016ж. 1-ші мәжілісінде қабылданған шешімдер талқыланып, нәтижесінде 2017-2018 оқу жылынан бастап университетте Стоматология факультетін ашуға шешім қабылданды. 2018-2019 оқу жылына дейін 265 түлектер бітірді. Стоматология мамандығы бакалавриат деңгейінде 5 жылдық білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі, бітірген студенттер интернатураны дипломнан кейінгі білім беру факультетінде жалғастырады. Факультетімізде студенттер теориялық алған білімдерін науқаста қолдану мүмкіндігі және қарап үйрену, білімдерін арттыру мақсатымен стоматология клиникасы, студенттеріміз клиникаға дейін дайындық мақсатында муляж мен манекендерде тәжірибелік дағдыларды жасап үйренулері үшін құрылған фантом және протез-техник лабораториялары бар.Факультет жоғары курс студенттері үшін университетіміздің 110 орындық клиника–диагностикалық орталығында, Түркістан медицина колледжінде, ЖШС «Сара» тіс емханасында, Түркістан қалалық «Эмаль» тіс емханасында, «Ырыс-дент» клиникасында, «Алтын тіс» клиникасында практикалық дәрістер өткізіледі. Факультетімізде қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде сабақ жүргізіледі, қажеттік туындаған кезінде аудармалар жасалынады.

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

AY gazete

BİLİM
KÜLTÜR
SANAT

AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ

# Mütevelli Heyet Toplantısının 60'ıncısı Almatı'da yapıldı

**Ahmet Yesevi Üniversitesi 60. Mütevelli Heyet Toplantısı, 15 Haziran Cumartesi günü Kazakistan'ın Almatı şehrinde bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesine bağlı Avrasya Araştırma Enstitüsünde yapıldı. Toplantıda, Türkiye ve Kazakistanlı Mütevelli Heyet üyeleri hazır bulundu.**

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın oturum başkanlığında gerçekleşen 60. Mütevelli Heyet Toplantısına; Mütevelli Heyet üyeleri Dr. Serdar Çam, Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Prof. Dr. Murat Jurinov, Hüseyin Karakum, Dr. Lezat Aktayeva, Meyramgül Koyanbayeva, Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ile Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Mütevelli Heyet Genel Sekreteri Ahmet Şevki Zengin ve diğer idari personel katıldı.

60. Mütevelli Heyet Toplantısı, Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın Mütevelli Heyet Başkanlığınca yapılan çalışmalar hakkında üyelere genel bilgi sunumu ile başladı.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız sunumunun ardından Mütevelli Heyet Toplantısının gündem maddelerini okuyarak oturumu başlattı.

Mütevelli Heyetin 58. toplantısında birçok önemli kararla birlikte; 2019–2020 öğretim yılı örgün öğrenci kontenjanları ve kota dağılımlarıyla ilgili teklif görüşüldü.Üniversite bünyesinde kurulması düşünülen fon ile ilgili Rektörlük tarafından hazırlanan fizibilite raporu görüşüldü.Üniversite Ticarileştirme Ofis hizmetinin etkinliğini artırmak amacıyla Üniversite bünyesinde Limited Şirket kurulmasıyla ilgili Rektörlük teklifi görüşüldü ve karara bağlandı.

60. Mütevelli Heyet Toplantısı gündem maddelerinin görüşülmesinin ardından dilek ve temenniler bölümüyle sona erdi.



# Başarılı Öğrenciler Ödüllendirildi

**2018-2019 eğitim öğretim yılında ulusal ve uluslararası düzeyde gerçekleşen yarışmalarda derece alan öğrencilerimiz üniversite yönetimi tarafından ödüllendirildi. 2018-2019 eğitim-öğretim yılında yarışma, yaz oyunları, olimpiyat, bilgi yarışması vb. çeşitli bilimsel faaliyetlere katılarak derece alan öğrencilere, Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar düzenledikleri törenle hediye takdiminde bulundular.**

Törende konuşan Rektör Abdrasilov, Üniversitelerin uluslararası reytinglerde öğrencilerin başarısının da önemli olduğuna vurgu yaparak, "değerli katılımcılar, Ahmet Yesevi Üniversitesi aynı zamanda eğitim öğretime çok önem verdiği gibi spor faaliyetlerine çok önem veren bir üniversitedir. Zira üniversitelerin uluslararası reytinglerde başarısına sadece yayımlanan makalelerin değil, öğrencilerin çeşitli müsabakalarda aldıkları başarılarda etki etmektedir. Bu yıl itibariyle üniversitemiz öğrencileri başta uluslararası olimpiyatlar olmak üzere çeşitli müsabakalarda pek çok derece kazanmışlardır. Üniversitemizin bayrağını bu tür platformlarda yükselten öğrencilerimize teşekkür ederiz" şeklinde konuştu.

Rektör Vekili Tomar ise öğrencilere çok değer veren bir yönetim anlayışına sahip olduklarını belirterek, Ahmet Yesevi Üniversitesi sadece Türkiye ve Kazakistan'ın ortak üniversitesi değil, tüm Türk dünyası için kurulmuş bir üniversitedir. Bizim ilk hedefimiz öğrencilerimizi dünya standartlarına uygun yetiştirmek. Bunu yaparken de sadece eğitim alanında değil spor kültür ve sanat alanlarında da Türk dünyasının beyin takımını yetiştirmek istiyoruz" dedi. Öğrencilerin başarılarının kutlandığı toplantılar en çok sevdiği etkinlikler arasında yer aldığını belirten Rektör Vekili Tomar, öğrencilerin başarısı bizim gurur kaynağımız, ulusal ve uluslararası müsabakalarda derece alan öğrencilerimizi tebrik ediyorum" dedi.



## Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencisi En İyi Bilimsel Araştırmalar Ödülü Sahibi Oldu

Kazakistan Cumhuriyeti Kurucu Devlet Başkanı Vakfı tarafından "Geleceğin Bilim Adamları" adlı bilimsel araştırmalar yarışması Almatı'da gerçekleştirildi. Bu yıl on birincisi düzenlene yarışmaya Kazakistan'ın 30'a yakın üniversitesinden lisans ve yüksek lisans öğrencileri katılım gösterdi. 287 bilimsel çalışmanın sunulduğu yarışmada en iyi 20 bilimsel araştırma ödüllendirildi.

Söz konusu yarışmaya katılım gösteren Üniversitemiz Beşeri Bilimler Fakültesi Tarih Bölümü 4. sınıf öğrencisi Hilola Atayeva'nın "Orta Asya'daki Ulusal Kurtuluş Hareketinde Enver Paşa'nın Siyasi Rolü" başlıklı makalesi en başarılı bilimsel araştırmalar arasına seçildi. Altın madalya ve plaket kazanan öğrencimiz Hilola Atayeva ve danışmanı Kanat Bazarbaev'i, Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat Pilten tebrik ederek, çalışmalarında başarılar diledi.

# Türkistan Türk Dünyasının Beşiği Sempozyumu

**Ahmet Yesevi Üniversitesi İle Türkistan Eyalet Valiliği işbirliğinde uluslararası Türkistan Türk Dünyasının Beşiği adlı sempozyum kültür merkezinde gerçekleştirildi. Sempozyum, Kazakistan Cumhuriyeti'nin Kurucu Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in "Büyük Bozkırın Yedi Unsuru" başlıklı makalesi çerçevesinde Türkistan'ın dünya tarihini ve kültürünü araştırmak amacıyla gerçekleştiriliyor.**

Türkistan Eyalet Valisi Ömirzak Şökeyev'in katılımlarıyla gerçekleşen sempozyumun moderatörlüğünü Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov yaptı. Sempozyuma, Kazakistan, Özbekistan, Rusya ve Türkiye'den bilim insanları ve Türkologlar katıldı.

Vali Şökeyev açılış konuşmalarında, Nursultan Nazarbaev'in Ulu Bozkırın Yedi Unsuru makalesinin sadece Kazakistan için değil tüm Türk dünyasının kültürel değerleri açısından önemine vurgu yaptı. Şökeyev, kadim Türkistan'ın Türk medeniyetlerinin beşiği olduğunu ve bilimde, sanatta ve felsefede birçok bilim adamı bu coğrafyada yetiştiğini söyledi. Hoca Ahmet Yesevi'nin burada yaşamış olmasından dolayı bu şehrine Türkistan adının verildiğini belirterek, tüm Türk dünyasında Hoca Ahmet Yesevi Piri Türkistan olarak tanındığını dile getirdi.

Açılış konuşmalarının ardından sempozyumun genel oturumunda Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar Nursultan Nazarbaev Ulu Bozkırın Yedi Unsuru" konulu bildirisini sundu.

Rektör Vekili Tomar sunumunda özetle; "Ulu Bozkırın Yedi Unsuru'nda en önemli başlıklardan birini Türkistan ve Hoca Ahmet Yesevi babamız oluşturmakta. Yaklaşık bin sene önce onun bu topraklarda ortaya koyduğu öğreti, hoşgörü Balkanlara, Fas'a, Yemen'e ulaşmış, Mevlana'da, Yunus Emre'de ve Sarı Saltuk'ta vücut bulmuştur. Bugün Ortadoğu'da kan ve gözyaşı varsa bunun nedeni bizlerin bu öğretiyi kaybetmiş olmasıdır. Bizler Ahmet Yesevi babamızın öğretisini bu topraklardan, manevi başkentten tekrar yaymak istiyoruz. Bütün Türk dünyasıyla, Kazak kardeşlerimizle bu meseleyi çözmemiz gerekiyor. Tarihimizle gurur duyduğumuz gibi bizler de üniversite olarak adını taşıdığımız Hoca Ahmet Yesevi babamızın izinde Türk dünyasının Rönesans'ı olacak bilimsel ve teknolojik çalışmalar yapmalıyız. Bu bizlere düşen tarihi bir sorumluluktur" şeklinde ifadeler kullandı.



# ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Талапкер қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге келесі құжаттарды тапсырады:

1. ЖОО қабылдау туралы өтініш;
2. Білімі туралы құжат (диплом немесе аттестат), (түпнұсқа, сонымен қатар 2 көшірмесі);
3. Жеке басын куәландыратын құжат (2 дана көшірме);
4. 3х4 көлеміндегі фотосурет – 6 дана;
5. 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
6. 063 нысандағы медициналық анықтаманың көшірмесі (егуді тіркеу анықтамасы);
7. ҰБТ немесе КТ сертификаты (түпнұсқа, сонымен қатар 2 көшірмесі);
8. Білім беру гранты тағайындалғаны туралы куәлік (грант иегерлері үшін);
9. Келісім шарт (ақылы негізде тапсырғандар үшін) – 3 дана; Ақылы оқитындар 1 жылдық төлем ақының 25 % төлегендігі туралы түбіртекті (квитанция) көшірмесі
10. Скоросшиватель – 1 дана;
11. Конверт (өлшемі А5) – 1 дана.

Қосымша: Басым құқыққа ие екендігін растайтын құжаттар тізімі. — Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жарыстар мен халықаралық олимпиадалар жеңімпаздары. — 1 және 2 топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;— Жеңілдікке теңестірілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектері. — Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар. — Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері.




# 500 БІЛІМ ГРАНТТАРЫ СІЗДЕР ҮШІН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басқа жоғары оқу орындарынан басты айырмашылығы Түркия Республикасы тарапынан 500 грант бөлінеді. Түркия грантына Ұлттық бірыңғай тестілеу мен кешенді тестілеуден «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 65 ұпай, басқа мамандықтар бойынша 50 және одан жоғары ұпай жинаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Түркия грантына іріктеу жұмыстары Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу нәтижесі бойынша берілген сертификаттарының ұпайына қарай жүргізіледі. Ұпай саны тең болып, басым құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа ұпайы бірдей болғанда бірінші бейіндік пән бойынша алған ұпайы, екінші әлеуметтік жағдайы ескеріледі. «Алтын белгі» иегерлері конкурс кезінде ұпайлары бірдей болған кезде ғана ескеріледі.



# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ 2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНА ТАЛАПКЕРЛЕРДІ БІЛІМ АЛУҒА ШАҚЫРАДЫ

## Қабылдау комиссиясының іс-шара кестесі

1 Бірыңғай ұлттық тестілеу 10 наурыз -10 мамыр 20 маусым — 1 шілде
2 Кешенді тестілеу 01-20 маусым 14-18 шілде
3 Шығармашылық емтихан 20 маусым – 7 шілде 08-13 шілде
4 Педагогикалық мамандықтар үшін арнайы емтихан 20 маусым – 14 тамыз
5 Мемлекеттік білім гранты 18-26 шілде 27 шілде – 5 тамыз
6 Қайта кешенді тестілеу 25 шілде-3 тамыз 15-19 тамыз
7 Магистратура, докторантура, резидентура бойынша шет тілінен түсу емтиханы 3-31 шілде 10-15 тамыз
8 Магистратура, докторантура, резидентура бойынша мамандық емтиханы 16-20 тамыз
9 Бакалавр, магистратура, докторантура, резидентураға қабылдау 25 тамызға дейін
10 Қазақ диаспорасы және тілдік дайындыққа бойынша дайындық курсына қабылдау 1 тамыз – 1 қыркүйек 5-15 қыркүйек
11 Дайындық курсынан кейінгі ағылшын тілі бойынша тестілеу 5-7 шілде 12 шілдеге дейін

# Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАЗТЕП ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан мен Түркия түркі тілдес елдер арасындағы Үкіметаралық келісіммен, қазіргі заманғы білікті жастарды даярлау мақсатында құрылды. Университет Қазақстандағы білім беру қызметтері нарығында 1991 жылдан бастап жұмыс істейді, бірінші және жалғыз халықаралық жоғары оқу орны, түркі халықтарының рухани орталығы – Түркістанда орналасқан.

Университеттің жоғары басқару органы Үкіметаралық Өкілетті Кеңес (Анкара қаласы, Түркия Республикасы), Үкіметаралық келісім ратификацияланған ҚР Заңымен 9 қаңтар 2012 жылғы № 531-IV негізінде құрылған.

Кеңестің шешімімен 2001 жылдан бастап университет құрамындағы Анкара қаласында орналасқан ТүрТЕП– қашықтықтан оқыту орталығы жұмыс істейді. Білім беру бағдарламасының 3 деңгейін іске асыруда: колледж - бакалавриат – магистратура түрік тілінде.

ТүрТЕПтің ашылуы, Түрік Республикасында қашықтықтан білім беру жоғары білім беру саласында жан-жақты жаппай дамуы болды. Бүгінде ТүрТЕП – онлайн білім аймағында тәжірибелі көшбасшы.

ТүрТЕП 15-жылдық тәжірибесі бар халықаралық қашықтықтан оқыту жүйесі екендігін ескере отырып, 2016 жылы қаңтарда Өкілетті Кеңестің қаржыландырылуымен қашықтықтан білім беру КазТЕП институты ашылды. Бүгінгі таңда КазТЕП 5 білім беру бағдарламалары бойынша магистрлерді дайындаумен айналысады.

# 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНА БӨЛІНГЕН ГРАНТ САНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

2019 жылдың 29 мамырында білім беру бағдарламалары тобы бойынша мемлекеттік тапсырысты бөлу мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы өткізілді.

Комиссия құрамында ҚР Парламенті депутаттары, «Атамекен» ҰКП, мүдделі, мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындар ассоциациясының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері болды.

2019-2020 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс 69 256 грант құрайды, оның ішінде бакалавриатқа – 53 785 грант, магистратураға – 13159 грант, PhD докторантураға – 2312 грант бөлінді.

Биылдан бастап білім беру гранттары білім беру бағдарламалары топтарына тағайындалады. Бакалавриатта – 97 білім беру бағдарламалары тобы, магистратурада – 154 және докторантурада – 150 білім беру бағдарламалар тобы бар. Жоғары оқу орнына қабылдау кезінде оқуға түсушілер нақты бір білім беру бағдарламасын таңдайды.

kazbilim.kz



ЖАС МҰРАТЫ - ОҚУ ТАЛАБЫ

# БАКАЛАВР БОЙЫНША 54 МАМАНДЫҚ

6В011-Педагогика және психология
6В012-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
6В013-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
6В014-Бастапқы әскери дайындық
Музыкалық білім
Бейнелеу өнері және сызу
Дене шынықтыру және спорт
Кәсіптік оқыту
6В015-Математика
Физика
Информатика
Химия
Биология
География
6В016-Тарих
6В017-Қазақ тілі мен әдебиеті
Орыс тілі мен әдебиеті
Екі шетел тілі: ағылшын және түрік тілдері
Екі шетел тілі: ағылшын-араб тілдері
Екі шетел тілі: ағылшын және қытай тілдері
6В021-Вокалдық өнер
Дәстүрлі музыка өнері
Актерлік өнер
Хореография
Сән өнері
Дизайн
6В022-Философия
Археология және этнология
Теология
Дінтану
Тарих
6В023-Филология: қазақ тілі
Аударма ісі: (ағылшын тілі)
Аударма ісі: (араб тілі)
Шетел филологиясы: ағылшын тілі
Шетел филологиясы: араб тілі
Шетел филологиясы: түрік тілі)
Шетел филологиясы: қытай тілі
6В031-Халықаралық қатынастар
Әлеуметтану
6В032-Журналистика
6В041-Экономика
Менеджмент
Есеп және аудит
Қаржы
Мемлекеттік және жергілікті басқару
6В042-Құқықтану
6В051-Биология
6В052-Экология
6В053-Физика
6В054-Математика
6В061-Информатика
Автоматтандыру және басқару
Ақпараттық жүйелер
Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
6В071-Электр энергетика
6В101-Жалпы медицина
Стоматология
6В111-Туризм
6В112-Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі

# МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША 30 МАМАНДЫҚ

7М011-Педагогика және психология
7М012-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
7М013-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
7М014-Бейнелеу өнері және сызу
Дене шынықтыру және спорт
7М015-Физика
Биология
7М017-Шетел тілі: екі шет тілі
7М022-Философия
Тарих
Дінтану
Түріктану
7М023-Филология
Шетел филологиясы
7М031-Әлеуметтану
Саясаттану
7М041-Экономика
Менеджмент
Есеп және аудит
Мемлекеттік және жергілікті басқару
7М042-Құқықтану
7М052-Экология
7М053-Физика
7М053-Химия
7М054-Математика
7М061-Информатика
Ақпараттық жүйелер
Математикалық және компьютерлік модельдеу
7М071-Электр энергетикасы
7М101-Медицина

# ДОКТОРАНТУРА БОЙЫНША 11 МАМАНДЫҚ

8D011-Педагогика және психология
8D015-Математика
Физика
8D016-Тарих
8D017-Қазақ тілі мен әдебиеті
8D041-Экономика
Менеджмент
8D042-Құқықтану
8D061-Математикалық және компьютерлік модельдеу
8D101-Медицина
Қоғамдық денсаулық сақтау

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

# РЕЗИДЕНТУРА БОЙЫНША 5 МАМАНДЫҚ

7R091-Жалпы хирургия
Невропатология
Акушерлік ісі және гинекология
Педиатрия
Терапия




Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

**Меншік иесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

**Қоғаммен байланыс бөлімі:**
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
aksari@mail.ru
**Тілшілер:**
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru
Сүлеймен ДОҒАН
dgn_s8@hotmail.com
Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ
Фото маманы: Мұхамедәлі ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

**Газетті есепке қою туралы**
№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

**2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.**

**Редакция мекен-жайы:** 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassaui@mail.ru